Жиын соңында атап өтілгендей, бұл таныстырылған зерттеулер мен жобалар тек қағаз жүзінде қалмайды. Олар Taldau экожүйесіндегі сарапшылар қауымдастығының әлеуеті мен жасанды интеллекттің озық мүмкіндіктерін бір арнаға тоғыстыру мақсатымен құрылып жатқан «Taldau AI Analytics» талдау орталығының тәжірибелік жұмыстарында да кеңінен пайдаланылатын болады. Бұл орталық болашақта мемлекеттік органдарға сапалы сараптамалық деректер беріп, елді дамыту жолындағы стратегиялық шешімдерді қабылдауға тікелей ықпал етеді. Жасанды интеллект дәуірінде ел болашағы үшін сапалы деректер мен сауатты сараптаманың маңызы арта түсетіні сөзсіз.

Асемгүл ГАЛИМОВА



## ДЕТИ - НАШЕ БУДУЩЕЕ, ДЕТИ - НАШЕ ВСЁ

**В наше время забота о детях, о их образовании и воспитании ложится не только на плечи государства и родителей, но и на всех, кто думает о будущем поколении.**

«Дорога в школу» - ежегодная акция, которая проводится ТЭКО Толебийского района Туркестанской области многие годы. И этот год не исключение. Благодаря инициативе председателя ТЭКО Таирова Айдамира Мухтазимовича, представителей наших регионов и спонсорам была проведена эта грандиозная акция. Более 80 детей из малообеспеченных семей, получили материальную помощь.

Единство, сплоченность и участие в судьбе детей - главная прерогатива нашего турецкого народа. Благодаря коллективу ТЭКО и спонсорам мы уверенно идём вперёд. В дальнейшем будут проводиться мероприятия среди нашего народа, и то поколение детей, в жизни которых мы совместно примем участие и в будущем, продолжит эстафету. Спасибо всем участникам акции «Дорога в школу»! И пусть частичка того добра, сделанная вами во имя наших детей, отзовется в сердцах многих людей.

Сейфи ИСАЕВ





# АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ОНКОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЮДЕ

Қатерлі ісікті ерте анықтау — адам өмірін сақтап қалудың ең тиімді жолдарының бірі. Дерт бастапқы кезеңінде анықталған жағдайда пациенттің толық емделу мүмкіндігі артып, өмір сүру ұзақтығы мен сапасы жақсарады. Осыған байланысты Алматы облысында онкологиялық скринингтерді кеңейтуге, заманауи диагностика мен емдеу технологияларын енгізуге ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі уақытта қатерлі ісіктерді ерте анықтауға арналған үш негізгі скрининг жүзеге асырылуда: жатыр мойны обырының скринингі — 30 жастан 74 жасқа дейінгі әйелдерге әр төрт жыл сайын; сүт безі обырының скринингі — 40 жастан 76 жасқа дейінгі әйелдерге әр екі жыл сайын; тоқ ішек обырының скринингі — 50 жастан 76 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдерге әр екі жыл сайын жүргізіледі. Барлық онкологиялық скринингтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүргізіледі. Оған цитологиялық зерттеуге жағынды алу, маммография, гемокульт-тест, бекітілген алгоритм бойынша тереңдетілген диагностика және медициналық көрсетілім болған жағдайда морфологиялық зерттеу кіреді.

2026 жылдың алғашқы жеті айында Алматы облысында онкологиялық скринингтермен 178 464 адам қамтылды. Скрининг нәтижесінде жатыр мойны обырының 20, сүт безі обырының 64 және колоректалды обырдың 13 жағдайы анықталды. Анықталған қатерлі ісіктердің 40 пайыздан астамы бірінші сатыда белгілі болған. Сонымен қатар тексерулер барысында обыр алды патологиялар мен басқа да созылмалы аурулар анықталды. Мұндай пациенттер сауықтыру шараларына жіберіліп, динамикалық бақылауға алынады. Мамандардың айтуынша, қатерлі ісіктің ерте кезеңде анықталуы

толық сауығу мүмкіндігін айтарлықтай арттырады. Бұл емдеуді дер кезінде бастауға, күрделі операциялар мен ұзақ терапияның қажеттілігін азайтуға мүмкіндік береді.

2025 жылы Алматы облысында жатыр мойны, жатыр денесі және аналық без обыры бойынша тіркелген жаңа жағдайлардың жалпы саны алдыңғы жылмен салыстырғанда 240-тан 252-ге дейін өсті.



Өсім 5 пайызды құрады. Жатыр мойны обыры бойынша жаңа жағдайлардың саны 126-дан 119-ға дейін, яғни 5,6 пайызға азайған. Бұл профилактикалық тексерулер мен скринингтердің маңызын көрсетеді. Алайда осы дерттен қайтыс болғандар саны 26-дан 29-ға дейін өскен. Диспансерлік есепте тұрған пациенттер саны 1135-тен 1188 адамға жетті. Аналық без обырының жаңа жағдайлары 65-тен 79-ға дейін көбейіп, өсім 21,5 пайызды құрады. Өлім-жітім 20-дан 21 жағдайға, ал диспансерлік есептегі пациенттер саны 441-ден 484 адамға дейін артты. Аналық без обырының белгілері бастапқы кезеңдерде анық байқалмайтындықтан, заманауи диагностиканы дамыту және пациенттерді мамандандырылған орталықтарға дер кезінде бағыттау аса маңызды.

Жатыр денесі немесе эндометрий обырының жаңа жағдайлары 49-дан 54-ке

дейін көбейді. Өлім-жітім 9-дан 13 жағдайға жетіп, 44,4 пайызға өсті. Диспансерлік есепте тұрған пациенттер саны 601-ден 635 адамға дейін артқан. Жалпы алғанда, аталған үш онкологиялық ауру бойынша өлім-жітім 55-тен 63 жағдайға дейін өскен. Ал диспансерлік бақылаудағы пациенттердің жалпы саны 2177-ден 2307 адамға жетті. Бұл онкологиялық ауруы бар тұрғындарға ұзақ мерзімді бақылау,

жүйелі емдеу және тұрақты медициналық сүйемелдеу қажет екенін көрсетеді.

Алматы облыстық көпсалалы клиникасында онкологиялық көмек диагностика, хирургиялық емдеу, дәрілік және сәулелік терапияны біріктіретін кешенді тәсіл негізінде көрсетіледі. Клиника базасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хирургия кафедрасы, сондай-ақ онкология, урология, маммология және химиотерапия курстары жұмыс істейді. Кафедраны MD, PhD, PostDoc, қауымдастырылған профессор, онкогинеколог дәрігер Қарлығаш Нартбайқызы Тәжібаева басқарады. Клиникада болашақ онкологтар, онкогинекологтар және урологтар даярланып, мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Оқу барысында клиникалық жағдайлар талданып, қатерлі ісіктерді ерте анықтау мен емдеуге қатысты практикалық дағдылар жетілдіріледі.

Клиникада онкогинекологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістері енгізілуде. Олардың қатарында: лапароскопиялық хирургия; гистероскопия; ICG — индоцианинді жасыл бояғышын пайдалану арқылы лимфа түйіндерін картографиялау; медициналық көрсетілімдер бойынша сентинелдік лимфа түйіндерін анықтау; эндометрий обырына молекулалық диагностика жүргізу бар. Лапароскопиялық операциялар үлкен тілік жасамай орындалатындықтан, пациенттің ағзасына түсетін салмақты азайтып, операциядан кейінгі қалпына келу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

Эндометрий обырын зерттеу кезінде MMR жүйесінің MLH1, PMS2, MSH2, MSH6 және p53 маркерлері анықталады. Молекулалық зерттеу ісіктің биологиялық ерекшеліктерін нақтылауға, аурудың болжамын бағалауға және әр пациентке жекелендірілген емдеу тактикасын таңдауға көмектеседі.

Алдағы жылдан бастап өкпе обырын ерте анықтауға арналған скринингті енгізу жоспарланып отыр. Бұл бастаманың маңызы зор, өйткені өкпе обыры онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім құрылымында бірінші орында тұр. Алматы облысындағы онкологиялық қызметтің алдағы негізгі міндеттері — қатерлі ісіктерді бастапқы кезеңінде анықтау көрсеткішін арттыру, молекулалық диагностиканы кеңейту, аз инвазивті хирургияны дамыту, заманауи дәрілік емдеу тәсілдерін енгізу және медицина мамандарының практикалық біліктілігін жетілдіру. Заманауи технология, ғылыми білім және дәрігерлердің кәсіби тәжірибесін ұштастыру — әр пациентке сапалы, дәлелді әрі жекелендірілген онкологиялық көмек көрсетудің басты шарты. Ал тұрғындар үшін ең маңызды қадам — скринингтен уақытылы өтіп, денсаулығына жауапкершілікпен қарау.

Асемгул ГАЛИМОВА

## БЕКЖАН КЕНЖЕБАЙ: «СПОРТ — ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ»

Былырдан бастап Алматыда «Sport — достық алаңы» жобасы жүзеге асырылып, қаланың барлық ауданында спорттық-бұқаралық іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып келеді. Бір жылдың ішінде қала бойынша 3 200-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шара өткізіліп, оған 380 мыңнан астам адам қатысты. Қаладағы спорт мектептері мен тегін секциялар балалар мен жастар үшін қолжетімді. Мұндай жұмыстар жастарды алкоголь, есірткі және темекі секілді зиянды әдеттерден аулақ ұстап, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы бағыттағы жұмыстар туралы Алматы қаласы Спорт басқармасы басшысының орынбасары Бекжан Кенжебай айтып берді.

— Бекжан Нұрланұлы, қазіргі таңда жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру маңызды мәселелердің бірі. Алматыда осы бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

— Бүгінде Алматыда спортты дамыту тек жарыстар өткізумен шектелмейді. Біз спортты жастар тәрбиесінің маңызды құралы ретінде қарастырамыз. Себебі спорт — денсаулықты нығайтумен қатар, тәртіпке, жауапкершілікке, мақсат қоюға және командалық жұмысқа үйретеді.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру — зиянды әдеттердің алдын алудың маңызды жолдарының бірі. Осы мақсатта бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. 2025 жылдан бастап «Sport — достық алаңы» жобасы жүзеге асырылуда. Жоба қаланың барлық ауданын қамтиды. Оның аясында аула жарыстары, шағын турнирлер, жүгіру марафондары, футбол,

волейбол және баскетбол жарыстары ұйымдастырылады.

Басты мақсатымыз — жастарды спорт арқылы біріктіріп, олардың бос уақытын пайдалы әрі белсенді өткізуіне жағдай жасау. Спортпен тұрақты айналысатын жас зиянды әдеттерден аулақ болып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға бейімделеді.

— Жастардың спортқа қызығушылығы қандай деңгейде?

— Жастардың спортқа қызығушылығы жыл сайын артып келеді. Бұған өткізілетін іс-шаралардың саны мен қатысушылардың көптігі дәлел. Мысалы, тек 2025 жылдың өзінде Алматыда 3 200-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шара өткізілді. Оларға 380 мыңнан астам адам қатысты.

Қазір тұрғындар арасында жүгіру, футбол, велоспорт және фитнес сияқты спорт түрлеріне қызығушылық жоғары. Әсіресе жастардың белсенділігі байқалады.

Біз үшін ең маңыздысы — спортты баршаға қолжетімді ету. Спорт тек кәсіби спортшыларға емес, барлық тұрғынға арналған болуы керек. Жастардың спортпен айналысуына жағдай жасау арқылы олардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, темекі, алкоголь және есірткі сияқты зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал ете аламыз.

— Студент жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған қандай жобалар бар?

— Қазіргі таңда студенттер арасында Студенттік лига жобасы белсенді жүзеге асырылып жатыр. Бүгінде оған 35 жоғары оқу орны қатысуда.

Бұл жоба студенттердің бір-бірімен араласуына, достық қарым-қатынас орнатуына және белсенді өмір салтын қалыптастыруына мүмкіндік береді. Университеттер арасын-

дағы жарыстар жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасайды.

Қазір жастардың көп уақыты телефон мен әлеуметтік желілерге жұмсалады. Ал спорт оларды қозғалысқа, қарым-қатынасқа және белсенді өмірге тартады. Сондықтан студенттік спортты дамыту — жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді тәсілдерінің бірі.

— Балалар мен жасөспірімдерді спортқа тарту бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?

— Балалар спорты — біздің негізгі бағыттарымыздың бірі. Баланы спортқа ерте жастан баулу өте маңызды. Осы мақсатта «Balalar Football Ligasы» жобасы іске асырылып келеді. Қазіргі таңда жобаға 7—15 жас аралығындағы 8 мыңнан астам бала қатысуда.

Бұл жоба арқылы балалар тек футбол ойнап қана қоймайды. Олар тәртіпке, жауапкершілікке, командалық жұмысқа және өз мақсатына жетуге үйренеді. Ең бастысы, спорт баланың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, оны зиянды әдеттерден алшақ ұстауға көмектеседі.

Қаладағы спорт мектептері мен секцияларда балалар мен жасөспірімдерге арналған жаттығулар ұйымдастырылған. Ата-аналардың балаларын спортқа беруіне қажетті жағдайлар жасалып жатыр.

— Халықаралық жарыстардың қала тұрғындарына әсері қандай?

— Халықаралық жарыстардың маңызы өте зор. Соңғы жылдары Алматыда Almaty Marathon, ATP 250 Almaty Open, WTT Contender секілді ірі жарыстар ұйымдастырылды.

Мұндай жарыстар қала тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттырады. Әсіресе жастарға үлкен мотивация береді.



Олар кәсіби спортшыларды көріп, өздері де спортпен айналысуға талпынады.

Мысалы, Almaty Marathon бүгінде үлкен қоғамдық қозғалысқа айналды. Оған кәсіби спортшылармен қатар қарапайым тұрғындар, жастар, студенттер мен еріктілер де қатысады. Бұл қоғамдағы белсенділікті арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауға мүмкіндік береді.

— Спорттың жастарды зиянды әдеттерден қорғаудағы рөлі қандай?

— Спорттың бұл бағыты рөлі өте маңызды. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың пайдалы ортаға араласуы және денсаулығына жауапкершілікпен қарауы — алкоголь, есірткі және темекі шегудің алдын алудың маңызды факторлары.

Спортпен тұрақты айналысатын жасөспірім өз денсаулығына мән береді, тәртіпке үйренеді және алдына мақсат қояды. Сонымен қатар спорт командалық рухты қалыптастырып, жастардың жаңа достар тауып, өз ортасын кеңейтуіне мүмкіндік береді.

Сондықтан біз спортты тек дене шынықтыру құралы емес, жастар тәрбиесінің маңызды бағыты ретінде қарастырамыз. Алдағы уақытта да жастардың спортқа қызығушылығын арттыру, қолжетімді спорттық орта қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра береміз.

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ



# 130 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР АУРУХАНА

**Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы – мегаполистегі ең ірі әрі тарихы терең медициналық мекемелердің бірі. Халық арасында “БСМП” деген атаумен танылған аурухана шұғыл жағдайда жеткізілген науқастарды тәулік бойы қабылдайды. Мұнда Алматы тұрғындарымен қатар еліміздің басқа өңірлерінен келген азаматтарға да медициналық көмек көрсетіледі.**



Аурухананың тарихы 1896 жылдан басталады. Алғашында Қызыл Крест қоғамының небәрі 15 төсектік емханасы ретінде ашылған мекеме бүгінде заманауи диагностикалық және хирургиялық мүмкіндіктері бар көпсалалы ауруханаға айналды. 2011 жылы әлемдік талаптарға сай салынған жаңа ғимарат пайдалануға берілді. Жылына 62 мыңнан астам адам жүгінеді. Аурухананың ресми деректеріне сәйкес жылына шамамен 62 мың адам медициналық көмекке жүгінеді; 16 мың науқас стационарда емделеді; 9 мыңға жуық операция жасалады; аурухананың төсек қоры – 320 орын; оның 12-сі реанимациялық, 15-і күндізгі стационарға арналған; аурухана Алмалы және Алатау аудандарының шамамен 486 мың тұрғынына қызмет көрсетеді. Осы көрсеткіштерді орташа тәуліктік мөлшерге есептегенде, ауруханаға күніне шамамен 170 адам жүгінеді. Күн сайын орта есеппен 44 пациент стационарлық ем алады және 24—25 операция жасалады. Бұл – жылдық көрсеткіштерден шығарылған орташа есеп. Науқастар саны демалыс күндеріне, маусымға және төтенше жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Аурухананың ресми құрылымында 20 негізгі бөлім көрсетілген. Олардың қатарында: қабылдау бөлімі; хирургия; урология; гинекология; нейрохирургия; терапия; неврология; insult орталығы; травматология және ортопедияның екі бөлімі; анестезиология, реанимация және қарқынды терапия; колопроктология және қан тамырлары хирургиясы; сәулелік диагностика; функционалдық диагностика; клиникалық-диагностикалық зертхана; физиотерапия; күндізгі стационар; консультациялық-диагностикалық бөлім; операциялық блок; шаруашылық есеп бөлімі бар.

Ауруханада мамандандырылған стационарлық көмектің негізгі түрлері және жоғары технологиялық медициналық көмектің бес бағыты көрсетіледі. Алматы қалалық жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасының басты міндеті – өміріне қауіп төнген

адамға уақыт жоғалтпай көмек көрсету. Науқас қабылдау бөліміне түскен сәттен бастап оның жалпы жағдайы бағаланып, қан қысымы, дене қызуы, жүрек соғысы, тыныс алуы және қан құрамындағы оттегі деңгейі тексеріледі. Науқастың жағдайына қарай хирург, травматолог, нейрохирург, уролог, гинеколог, невролог, терапевт, реаниматолог немесе басқа мамандар шақырылады. Инсульт, бас-ми жарақаты, ішкі қан кету, ауыр сынық, іш қуысы ағзаларының жедел аурулары немесе басқа да өмірге қауіпті жағдай анықталса, науқас операциялық блокқа, реанимацияға немесе мамандандырылған

бөлімге шұғыл жатқызылады. Диагностика тәулік бойы жүргізіледі. Сәулелік диагностика бөлімінде жылына 70 мыңнан астам зерттеу жасалады. Бұл – орта есеппен күніне 190-нан астам зерттеу. Оның басым бөлігі шұғыл медициналық көмек аясында орындалады. Бөлімде бас миы, омыртқа, кеуде және құрсақ қуысы, жамбас ағзалары, сүйек пен буындар, қан тамырлары мен несеп шығару жүйесіне қатысты рентген, КТ және МРТ зерттеулері жүргізіледі. Контраст арқылы КТ-ангиография мен аортография жасауға да мүмкіндік бар. Рентген, КТ және МРТ зерттеулері тәулік бойы қолжетімді. Медициналық суреттер Altyn PACS цифрлық жүйесінде сақталып, дәрігерлерге нәтижелерді жедел талдауға мүмкіндік береді. Клиникалық-диагностикалық зертхана шұғыл түскен науқастың жағдайын анықтауға қажетті талдауларды орындайды. Зерттеу нәтижелері диагноз қоюға, операция қажеттігін анықтауға, емдеу тәсілін таңдауға және терапияның тиімділігін бақылауға көмектеседі. Ауруханада шұғыл және жоспарлы хирургиялық көмек қатар көрсетіледі. Жалпы хирургиялық, гинекологиялық, урологиялық, травматологиялық, ортопедиялық, колопроктологиялық, қан тамырларына және жүйке жүйесіне қатысты операциялар жасалады. Соңғы жылдары ауруханада бірқатар заманауи әдістер енгізілген: insult кезінде тромбты тамырдан алып тастау – тромбоэкстракция; тізе және жамбас буындарын эндопротездеу; буындарды артроскопиялық әдіспен емдеу; лапароскопиялық операциялар; омыртқаны тұрақтандыруға арналған спондилодез; ми қан тамырлары аневризмасын эндоваскулярлық әдіспен эмболизациялау; титан тор арқылы омыртқааралық спондилодез; тізе және жамбас буындарына қайталама эндопротездеу; нейрохирургиялық Джаннет операциясы. Операциялық блокта заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған үш операция залы бар. Операциялар эндовидеохирургиялық, ультрадыбыстық және рентгендік бақылау

арқылы жүргізіледі. Мұндай технологиялар хирургиялық жарақатты азайтып, операциядан кейінгі оңалу кезеңін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Ауруханада 840 қызметкер, оның ішінде 220 дәрігер еңбек етеді. Дәрігерлер арасында төрт медицина ғылымының докторы және жеті медицина ғылымының кандидаты бар. Сонымен бірге аурухана базасында жетекші медициналық университеттердің 15 кафедрасы жұмыс істейді. Бұл емдеу ісін білім беру және ғылыми зерттеулермен ұштастыруға жағдай жасайды. Аурухананы Алмаз Болатұлы Джувашев басқарады. Медициналық бөлім жөніндегі директордың орынбасары – Айвар Мәлсұлы Кенжебаев, хирургия жөніндегі орынбасар – Ермек Мұстафаұлы Желдібаев. Негізгі бөлімдерді тәжірибелі мамандар басқарады. Олардың қатарында нейроинсульт орталығының жетекшісі Ләззат Базарбекқызы Аяғанова, неврология бөлімшесінің меңгерушісі Лаура Темірбекқызы Абдуллаева, хирургия бөлімінің меңгерушісі Мақсат Қошқарұлы Дүйсебеков, урология бөлімінің меңгерушісі Ғани Қондыбайұлы Амиров, нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі Константин Юрьевич Ли, гинекология бөлімінің меңгерушісі Алма Кашинорқызы Бексұлтанова бар. 2024 жылы аурухана жоғары санат бойынша ұлттық аккредиттеуден өтті. Бұл медициналық көмектің сапасы, пациент қауіпсіздігі, кадрлардың біліктілігі мен мекеменің жабдықталуы белгіленген талаптарға сай екенін білдіреді. 2026 жылы ауруханада Альцгеймер ауруын емдеуге арналған транскраниалдық импульстік стимуляция технологиясына негізделген NEUROLITH инновациялық

жүйесі таныстырылды. Аурухана тәжірибесіне цифрлық медициналық ақпарат жүйесі, электронды құжат айналымы және сәулелік зерттеулерді нақты уақыт режимінде талдайтын ситуациялық-аналитикалық орталық та енгізілген.

Стационарда пациенттерді қабылдау, тексеру, емдеу, операциядан кейін бақылау және оңалту жұмыстары бір жүйеге біріктірілген. Ауруханада тәулік бойы диагностика, реанимациялық көмек, физиотерапия, күндізгі стационар, гемодиализ, гипербариялық оксигенация және консультациялық қызметтер көрсетіледі. Операциядан кейінгі науқастар дәрігерлер мен мейіргерлердің тұрақты бақылауында болады. Қозғалысын қалпына келтіруді қажет ететін пациенттерге физиотерапиялық және оңалту көмегі ұсынылады. Медициналық көмектің сапасына немесе қызмет көрсету тәртібіне қатысты мәселе туындаса, пациенттер аурухананың қолдау және ішкі аудит қызметіне жүгіне алады. БСМП – тек науқастар жататын стационар емес, Алматының тәулік бойы жұмыс істейтін маңызды шұғыл медициналық орталығы. Жыл сайын 62 мыңнан астам өтінішті қабылдап, 16 мың пациентті емдеп, 9 мыңға жуық операция жасайтын мекеменің артында жүздеген дәрігер, мейіргер, зертхана маманы және санитар қызметкердің еңбегі тұр. Шұғыл медицинада әр минут маңызды. Сондықтан аурухананың негізгі құндылығы – заманауи техникамен қатар, күрделі жағдайда жылдам шешім қабылдап, адам өмірі үшін күресе алатын кәсіби мамандар командасы.

**Асемгүл ГАЛИМОВА**

3 —Й

## РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ЮБИЛЕЙНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ «АНИСКА YETENEKLERI» («АХЫСКА СТАР») К 35-ЛЕТИЮ ОБЪЕДИНЕНИЯ

Уважаемые соотечественники, дорогие друзья и коллеги!

В связи с юбилейной датой – 35-летием со дня основания Турецкого этнокультурного объединения Республики Казахстан – проводится Республиканский праздничный фестиваль талантов «Ahiska Yetenekleri». За эти три с половиной десятилетия наша организация внесла весомый вклад в сохранение национальной самобытности, языка, обычаев турок-ахыска, а также в укрепление мира и согласия в нашем общем доме.

Председателем Турецкого этнокультурного объединения Зиятдином Исмихановичем Касановым был официально утвержден регламент и план проведения этого масштабного творческого события. 10 октября будут проведены ключевые юбилейные мероприятия, приуроченные к этой дате.

**Приглашаем талантливых участников и творческие коллективы заявить о себе!**

НОМИНАЦИИ  
ФЕСТИВАЛЯ / FESTIVAL KATEGORİLERİ

**Вокальное искусство:** Эстрадный вокал, народное пение (фольклор).  
**Хореография:** Народный танец.  
**Инструментальный жанр:** Классические и национальные инструменты.  
**Художественное слово:** Чтение стихов и прозы, театральные миниатюры.  
**Изобразительное и прикладное искусство:** Живопись, рукоделие.

ГРАФИК И СРОКИ ПРОВЕДЕНИЯ / TAKVİM VE TARİHLER

**Районные и областные туры:** Должны быть полностью завершены в регионах до 1 сентября 2026 года.

**Республиканский финал:** Состоится 10 октября 2026 года (10.10.2026 г.).

**Место проведения финала:** Театр юного зрителя (ТЮЗ).

**Добро пожаловать на наш общий праздник творчества, единства и великой культуры!**

**По вопросам подачи заявок на участие в региональных турах обращайтесь в местные представительства объединения.**



# ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТІ НАСИХАТТАУ — РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ

**Қазақстанда кітап оқу мәдениетін дамыту мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық міндетке айналды. Мемлекет басшының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қоюы — жай ғана мәдени құжат емес, елдің интеллектуалдық болашағына бағытталған маңызды қадам. Бұл бастама қоғамдағы рухани дағдарыстың алдын алып, білім мен парасатты ұлттық дамудың өзегіне айналдыруды көздейді.**

Соңғы жылдары әлем бойынша кітап оқуға деген көзқарас өзгерді. Ақпараттың басым бөлігі әлеуметтік желілер арқылы тұтынылатын кезеңде терең ойлау, сараптау, мәтінді түсіну қабілеті әлсірей бастағаны жиі айтылады. Қазақстан да бұл үрдістен сырт қалған жоқ. Көпшілік қысқа видеолар мен жедел ақпаратқа үйреніп, кітап оқу бұрынғыдай күнделікті дағды болудан алыстай түсті. Осындай кезеңде мемлекет деңгейінде «оқитын ұлт» идеясын көтеру — уақыт талабынан туған қажеттілік.

Президент Жарлығында кітап оқу мәдениетін дамыту мәдениет, білім және инновация салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде айқындалды. Бұл — кітап мәселесіне тек әдебиет немесе кітапхана тұрғысынан емес, ұлттық қауіпсіздік пен адами капитал сапасы тұрғысынан қараудың белгісі.

Қандай қоғамның болсын интеллектуалдық деңгейі азаматтарының оқу мәдениетімен өлшенеді. Кітап оқитын адам ойлануға, талдауға, салыстыруға бейім келеді. Ол ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, оған баға бере алады. Ал мұндай қабілет қазіргі заманда аса маңызды.

Қазақ тарихында кітап пен білімге ерекше мән берілген. Абайдың «Артық ғылым кітапта» деуі, Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі, Мұхтар Әуезовтің ұлт тәрбиесіндегі әдебиеттің рөлі туралы ойлары — соның дәлелі. Қазақ зиялылары кітапты ұлтты оятатын құрал ретінде қарастырды. Бүгінгі Жарлық та сол тарихи сабақтастықтың жалғасы іспетті.

Қазіргі қоғамда кітап оқу тек әдеби талғам мәселесі емес. Бұл — азаматтық сана, ұлттық иммунитет және сыни ойлау мәселесі. Фейк ақпарат көбейген дәуірде кітап оқитын адам ақпаратты саралай алады. Демек, кітап оқу мәдениеті қоғамның интеллектуалдық қорғаныс қа-

білетін де күшейтеді.

Жарлықта балалар мен жастар арасында кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру міндеті ерекше көрсетілген. Себебі оқу мәдениеті бала кезден қалыптасады. Егер отбасында кітап оқылмаса, мектепте оған қызығушылық оятылмаса, кейін бұл әдетті орнықтыру қиын.

Бүгінде көптеген ата-ана баласының қолына телефон ұстатып тыныштандыруды қалыпты жағдайға айналдырған. Ал кітап оқу үшін сабыр, зейін, ой еңбегі қажет. Сондықтан цифрлық дәуірдегі ең үлкен бәсекенің бірі — кітап пен гаджет арасындағы күрес.

Алайда мәселе технологияда емес. Мәселе — мазмұн-

лық кітапхана платформасын құру туралы тапсырманың берілуі аса маңызды.

Цифрлық кітапхана — уақыт талабы. Бүгінгі оқырман кітапқа смартфон арқылы қол жеткізгісі келеді. Егер қазақ тіліндегі сапалы әдебиет онлайн форматта қолжетімді болса, оқырман саны бірнеше есе артуы мүмкін.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық әдебиетті қолдау — мәдени тәуелсіздікті сақтаудың маңызды жолы. Президент Жарлығында ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау мәселесінің көтерілуі осы тұрғыдан маңызды.

Қазақ әдебиеті — әлемдік деңгейдегі ірі рухани құн-

да баланың әдебиетке қызығушылығы төмен болады.

Үшіншіден, кітап оқу мәселесі тек гуманитарлық сала ретінде қаралмауы керек. Инновация, ғылым, технология, кәсіпкерлік — барлығы оқу мәдениетімен байланысты. Көп оқитын қоғам ғана жаңа идея тудыра алады.

Кітап оқу мәдениетінің әлсіреуі — тек әдеби проблема емес. Бұл — стратегиялық қауіп. Терең ойламайтын қоғам популизмге тез сенеді, эмоцияға жиі беріледі, ақпараттық манипуляцияға оңай ұшырайды.

Ал кітап оқитын адамда логикалық ойлау, тарихи сана, азаматтық жауапкершілік жоғары болады. Сондықтан дамыған мемлекеттердің барлығы білім мен оқуға инвестиция салады.

Қазақстан үшін де бұл мәселе аса өзекті. Жасанды интеллект дамыған кезеңде адамды бәсекеге қабілетті ететін басты қасиет — шығармашылық ойлау мен аналитикалық қабілет. Ал мұндай қабілет кітап оқу арқылы қалыптасады.

Президенттің кітап оқу мәдениетін дамыту туралы Жарлығы — Қазақстанның рухани және интеллектуалдық дамуына бағытталған тарихи бастама деуге болады. Бұл құжат қоғамға нақты әрі айқын сигнал берді: енді білім мен парасат тек жеке адамның таңдауы емес, ұлттық дамудың стратегиялық өзегіне айналуға тиіс. Яғни мемлекет болашағы тек экономикалық көрсеткіштермен емес, азаматтардың ойлау деңгейімен, білімге деген

көзқарасымен және оқу мәдениетімен өлшенетіні ерекше атап өтілді.

Дегенмен кез келген идеяның құндылығы оның қабылдануында емес, іске асуында көрінеді. Сондықтан ең маңызды кезең енді басталады. Бұл бастаманы қағаз жүзіндегі құжаттан нақты қоғамдық қозғалысқа айналдыру қажет. Ол үшін қоғамның барлық институттары бір бағытта жұмыс істеуі керек. Мемлекет кітап оқу инфрақұрылымын дамытса, мектеп баланың бойына оқу дағдысын сіңіреді, ал ата-ана сол мәдениетті отбасылық құндылық ретінде бекітеді. Баспагерлер сапалы контент ұсынса, жазушылар қазіргі оқырманның талғамына сай жаңа тіл мен форма іздейді, кітапханалар болса жай сақтау орны емес, тірі интеллектуалдық орталыққа айналады.

Бұл жерде үйлесімділік пен жүйелілік шешуші рөл атқарады. Егер осы институттардың біреуі әлсіз болса, жалпы экожүйе толық нәтиже бермейді. Сондықтан кітап оқу мәдениетін дамыту — тек мәдениет саласының міндеті емес, бұл қоғамның барлық деңгейін қамтитын ортақ жауапкершілік.

Өйткені кітап оқитын ұлт қана ойлайтын ұлтқа айналады. Ал ойлайтын ұлт қана өз бағытын өзі айқындай алатын, сыртқы ықпалға тәуелсіз, ұзақ мерзімді дамуға қабілетті бәсекеге қабілетті мемлекет құра алады.

Асемгүл ГАЛИМОВА



да. Егер кітапхана заманауи форматта жұмыс істесе, егер әдебиет жастардың тілімен сөйлесе, егер кітап оқу сөнге айналса, жаңа буынның қызығушылығы оянады.

Соңғы жылдары Қазақстанда кітап клубтарының көбеюі, әлеуметтік желілерде әдеби қауымдастықтардың пайда болуы — осының белгісі. Әсіресе жастар арасында қазақ әдебиетіне деген қызығушылықтың артуы байқалады. Бұл үрдісті жүйелі мемлекеттік қолдау жаңа деңгейге көтеруі мүмкін.

Президент Жарлығында жаңа форматтағы кітапханалар мен қоғамдық кеңістіктер құру мәселесіне басымдық берілгені кездейсоқ емес. Өйткені қазіргі кітапхана тек кітап сөрелері орналасқан тыныш ғимарат емес, интеллектуалдық коммуникация орталығына айналуы керек.

Әлемнің дамыған елдерінде кітапханалар коворкинг, пікірталас алаңы, шығармашылық зертхана, цифрлық білім беру орталығы ретінде жұмыс істейді. Адамдар ол жерге тек кітап алу үшін емес, идея алмасу, оқу, даму үшін келеді.

Қазақстандағы көптеген кітапханалар әлі де ескі жүйемен жұмыс істейді. Материалдық база әлсіз, заманауи цифрлық мүмкіндіктер жетіспейді. Сондықтан Жарлықта бірыңғай Ұлттық цифр-

дылықтардың бірі. Бірақ оны халықаралық деңгейде таныту мәселесі әлі де өзекті. Қазақ жазушыларының еңбектері сапалы аударылып, әлемдік нарыққа шығуы керек. Бұл тек мәдени емес, имидждік мәселе де.

Сонымен бірге ел ішінде де қазақ әдебиетіне сұранысты күшейту қажет. Қазіргі оқырманға қызықты тіл, сапалы дизайн, заманауи формат қажет. Баспагерлерді қолдау туралы бастама осы тұрғыдан маңызды қадам болмақ.

Жарлықта 2027—2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын әзірлеу тапсырылған. Бұл құжат формалды жоспар емес, нақты нәтижеге бағытталған идеологиялық бағдарламаға айналуы тиіс.

Ең алдымен, қоғамда кітап оқу беделін арттыру қажет. Қазір жастар арасында блогер болу, тез танылу үрдісі күшейген. Ал интеллектуалдық еңбек көбіне екінші қатарда қалып қояды. Мұны өзгерту үшін кітап оқитын адамды заманауи қоғамның табысты тұлғасы ретінде көрсету маңызды.

Екіншіден, кітап оқу мәдениеті отбасы институтымен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс. Бала кітапты ең алдымен ата-анасынан көреді. Үйінде кітап оқылмайтын отбасын-





Время работы: с 11.00 - 24.00

Цены приятно удивят вас

Кавказская и европейская кухня

Живая музыка

Летняя площадка

Уютный интерьер

Гостеприимная атмосфера

г. Алматы, ул. Каирбекова (Талгарская) 72,  
ул. Богенбай батыра, Тел.: 293-81-67

Мы рады видеть Вас!

Цены приятно удивят вас

www.ahiska-gazeta.com

KAZAKHISTAN AHISKA TÜRK KÜLTÜR MERKEZİ ULUSLARARASI YAYINI  
ҚАЗАҚСТАН «АХЫСКА» ТҮРІК ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЕ ИЗДАНИЕ ТУРЕЦКОГО ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ЦЕНТРА «АХЫСКА» В КАЗАХСТАНЕ

ahiska60@mail.ru





## AMBASSADOR HOTEL ALMATY



121 Zheltoksan Street, Almaty, Republic of Kazakhstan, 050091  
ул.Желтоксан, 121, Алматы,  
Республика Казахстан, 050091

Phone/Тел.: +7-(727) 250-89-89, 50-89-45... 49  
Fax/Факс: +7-(727) 272-64-41

www.ambassadorhotel.kz  
e-mail: ambassadorhotel@msn.com

## 2 ТОРГОВЫХ ЭТАЖА БОЛЕЕ 160 БУТИКОВ

ОГРОМНЫЙ ВЫБОР МУЖСКОЙ,  
ЖЕНСКОЙ, ДЕТСКОЙ ОДЕЖДЫ  
И ОБУВИ! А ТАК ЖЕ, ТОВАРЫ  
ДЛЯ ДОМА, БЫТОВАЯ  
ТЕХНИКА И МНОГОЕ ДРУГОЕ.




Г. АЛМАТЫ, АБАЯ 141

+7 (727) 277 5481

@tdarena.almaty



## АРЕНДА ОФИСОВ В ГОСТИНИЦЕ КАЗАХСТАН



Телефоны: +7 (727) 291 92 00  
+7 (727) 291 91 53  
+7 (702) 995 57 53

E-mail: assistant@kazakhstanhotel.kz

## АНИСКА

№ 29 (1093)

21 Тамыз 2026 / 21 Ağustos 2026 ж.

Yayın Kurulu Başkanı:  
Редакциялық кеңес төрағасы:

Ziyatdin Kassanov  
Зиятдин Касанов

Genel Yayın Yönetmeni:  
Бас редактор:

Rovshan Memedoglu  
Ровшан Мамедоглу

Yazı İşleri Müdürü:  
Бас редакторын орынбасары:

Ahmet Atak  
Ахмет Атак

Kazak bölümü editörü  
Редактор казахского отдела:

Ağapaşa Kurbanov  
Ағапаша Құрбанов

Editör:  
Әдеби редактор:

Gina Takisheva  
Джина Такишева

Muhabirler:  
Тілшілер:

Kalbinur Khushnazarova  
Кальбинур Хошназарова

Tasarım:  
Дизайн:

Oksana Krasnozhanova  
Oksana Krasnozhanova

Yayın Sahibi / Меншік иесі

«Газета «АНИСКА - АХЫСКА» ЖШС

Kurucu / Herizin қалаушы

Ziyatdin Kassanov  
Зиятдин Касанов

Gazete, Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve  
Enformasyon Bakanlığı tarafından 9 Ekim  
2008 tarih ve №9528-G ile tescil edilmiştir.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет  
және ақпарат министрлігінде 2008 жылғы  
9 қазанда № 9528-Г тіркелді.

Haftalık süreli yayın  
Апта сайын шығады

Yönetim Yeri / Редакция мекенжайы

050002, Kazakistan Cumhuriyeti,  
Almaty, Dzhangildina Cad., 31  
050002, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ-сы, Жангилдина к-сі, 31

Telefon / Телефон

+7 (727) 339 24 15

E-Posta / Э-пошта

ahiska60@mail.ru

BasımYeri / Баспа үйі

АО «Алматы-Болашақ»  
г. Алматы, ул. Муқанова, 223 В

Тел.раб. 8 (727) 378 40 08

SİPARİŞ / ТАПСЫРЫС  
№ 29

TİRAJ / ТИРАЖ  
2 000 adet / дана

Editörler, yazarların makale ve reklamlarının içeriğinden sorumlu değildir. Yazarın makaleleri editöryal görüşleri temsil etmez. "АНИСКА" gazetesinde yayınlanan materyal ve fotoğrafların kopyalanması veya düzenlenmesi için yazı işleri müdürlüğünden yazılı izin alınması ve gazeteye atıfta bulunulması gerekmektedir. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. «АХЫСКА» газетінде жарияланған материалдар мен фотосуреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасау міндетті.

KAZAKISTAN CUMHURİYETİ ANISKA TÜRK KÜLTÜR MERKEZİ'NİN ULUSLARARASI YAYINI  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «АХЫСКА» ТҮРІК ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ

6+ – 6 жастан асқан балаларға арналған



Midea - производитель Бытовой техники №1 в Мире





Ваш проводник  
в Легкую жизнь





 **mideakz**  
 **mideakz.com**

RAAF Park  
ЖИЛОЙ КОМПЛЕКС

ЛИМИТИРОВАННОЕ  
ПРЕДЛОЖЕНИЕ

СТАТУСНЫЕ КВАРТИРЫ  
С САМЫМИ  
«АЛМАТИНСКИМИ»  
ВИДАМИ





Алматы, ул. Бекхожина, 1  
(3 мин. от гост. «Казахстан»)

www.raafpark.kz

+7 771 944-44-42

Бұл жарнама ҚР АҚ 395-бабына сәйкес көпшілікке арналған офферта болып табылмайды  
КЖК (кепілдік) нөмірі: №228 Берілген күні: 12.04.2024



ORHUN MEDICAL

МЫ УЖЕ В ПУТИ

Выездные услуги Orhun Medical

- 24/7 - без ожидания
- Анализы - не выходя из дома
- Врач - когда это нужно





оформите  
выезд

Лицензия №15002207 выдана управлением экономики и бюджетного планирования города Алматы (Акимат города Алматы) от 05.02.2015 г.



Istanbul  
Diagnostic center

ТОЧНАЯ ДИАГНОСТИКА У НАС  
- ЭКСПЕРТНОЕ ЗАКЛЮЧЕНИЕ ИЗ ТУРЦИИ!

А ЕСЛИ НУЖНО ЛЕЧЕНИЕ,  
МЫ ОРГАНИЗУЕМ ВАШУ ПОЕЗДКУ! . .



г. Алматы  
ул. Гоголя 52,  
уг. ул. Назарбаева  
+7 (727) 339-59-59

Номер лицензии 24017623  
Дата выдачи лицензии 30.04.2024 год

Настоящая реклама, в соответствии со ст. 395 ГК РК не является публичной офертой. Номер лицензии 24017627. Дата выдачи лицензии 30.04.2024 год

www.ahiska-gazeta.com

KAZAKISTAN AHISKA TÜRK KÜLTÜR MERKEZİ ULUSLARARASI YAYINI  
ҚАЗАҚСТАН «АХЫСКА» ТҮРІК ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСЫЛЫМЫ  
МЕЖДУНАРОДНОЕ ИЗДАНИЕ ТУРЕЦКОГО ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ЦЕНТРА «АХЫСКА» В КАЗАХСТАНЕ

ahiska60@mail.ru